

МІНДЕТТІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫР ЕРЕЖЕСІ ¹

1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «АСКО» сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамының осы міндетті экологиялық сақтандыру Ережелері (әрі қарай мәтін бойынша – Ережелер) міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын (әрі қарай - сақтандыру шарты) құру тәртібін және олар бойынша төлем талаптарын айқындайды.

Міндетті экологиялық сақтандыр шарттары ҚР «Міндетті экологиялық сақтандыр туралы» (ары қарай- Заң) 13 желтоқсан 2005 жылғы № 93-III Заңына сәйкес баяндалған.

Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен азаматтар болып табылады.

1.2. **Міндетті экологиялық сақтандыру** - апат нәтижесінде экологиялық залал келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілік басталған кезде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (Сақтандырылушылардың) заңды мүдделерін мүліктік қорғау жөніндегі қатынастар кешені.

Экологиялық зиян - Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 133, 134 және 135-баптарында көрсетілген табиғи ортаның компоненттеріне, егер оларды ремедиациялау жөнінде шаралар қабылдамай, ақылға қонымды уақыт ішінде базалық жағдайға дейін табиғи қалпына келтіру мүмкіндігі болмаса, келтірілген залал.

Табиғи ортаның компоненттеріне келтірілген зиян-табиғи орта компоненттерінің күйіне тікелей немесе жанама түрде өлшенетін теріс өзгеріс немесе олардың тұтынушылық қасиеттерінің немесе пайдалы қасиеттерінің өлшенетін нашарлауы .

Базалық күй - егер оған экологиялық залал келтірілмесе, ол болатын табиғи орта компонентінің жай-күйі.

Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою жөніндегі міндеті.

Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрі - нәтижесінде апат болған жағдайда экологиялық залал келтірілуі мүмкін жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қызметі. **Апат**-ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе)

техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті (зиянды) заттардың шығарылуы.

Үшінші тұлғалар-міндетті экологиялық сақтандырудан туындайтын рәсімдерге тартылған құқықтық қатынастардың субъектілері.

Ремедиация - экологиялық залал келтірілген табиғи орта компонентін қалпына келтіру, жаңғырту арқылы немесе егер экологиялық зиян толық немесе ішінара қалпына келтірілмейтін болса, табиғи ортаның осындай компонентін алмастыру арқылы экологиялық залалды жою жөніндегі іс-шаралар кешені.

1.3. Сақтанушы немесе экологиялық зиянды, оның ішінде сақтандыру төлемі есебінен жоюға міндетті өзге тұлға сақтандыру шарты бойынша пайда алушы болып табылады.

2 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ НЫСАНЫ

2.1. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген апат салдарынан келтірілген экологиялық зиянды жою жөніндегі міндетіне байланысты мүліктік мүддесі міндетті экологиялық сақтандыру объектісі болып табылады.

3 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

3.1. Апаттың салдарынан келтірілген экологиялық зиянды жою (ремедиациялау) бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылады.

3.2. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ оған келтірілген зиянды дәлелдеу сақтанушыға (пайда алушыға) жүктеледі.

4 БӨЛІМ.САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНШЫНЫҢ ШЕКТЕУЛЕРІ

4.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемнен босатылады, егер сақтандыру жағдайы :
- соғыс қимылдары, азамат соғысы, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;
- табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан болса.

4.2. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесіндегі қызмет түрі бойынша кірмейтін жеке және (немесе) заңды тұлғалармен сақтандыру шарты жасалмайды.

5 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

5.1. Сақтандыру сомасы ақшалай сома болып табылады, оның шегінде сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

5.2. Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ сақтандыру сомасының мөлшері кемінде:

- **Жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғамен** сақтандыру шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 5000 есе мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді;

-Заңды тұлғамен сақтандыру шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 65000 есе мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

6 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

6.1. Сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеу жолымен жасалады.

6.2. Сақтанушының қалауы бойынша сақтандыру шарты Сақтандырушыға жазбаша өтініш жолдау не Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы құрылуы мүмкін.

6.3. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушы сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын (бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді, осылайша ұсынылған талаптарда осы қосылу шартын жасасуға өзінің келісімін растайды.

6.4. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері сақтандыру шартымен белгіленеді.

6.5. Сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы электрондық хабарлама/SMS түрінде хабарлама жіберуге міндетті.

6.6. Бір нысанның екі және одан да көп иелері шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрін жүзеге асырған кезде сақтандыру шарты сақтандыру полисінде сақтандырылғандар ретінде нысанның барлық иелерін көрсете отырып, олардың кез келгенімен жасалады.

7 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

7.1. Сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап кемінде он екі ай әрекет етеді. Сақтандыру шарты Заңға және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес экологиялық зиянды жоюға міндетті тұлғаларға қатысты қолданылады.

7.2. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

7.3. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

7.4. Сақтандыру шарты сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып сақтандыру шартын жасасқан кезде, Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап сақтандырушы ұсынған шарттарда сақтандыру шарты жасалған болып есептеледі.

8 БӨЛІМ. САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. Сақтанушы (Сақтандырылушы) құқылы:

8.1.1. Сақтандырушыдан міндетті экологиялық сақтандырудың талаптарын, сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

8.1.2. апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тарту;

8.1.3. апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалды жою (ремедиациялау) құнын бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы (оның ішінде Сақтандырушының интернет-қоры арқылы) немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысуға;

8.1.4. сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға (бұл құқық Сақтанушыға ғана қолданылады);

8.1.5. Заңның 22-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не сақтандыру омбудсменіне немесе сотқа сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін жүгінуге құқылы;

8.1.6. өтінішті және қоса берілетін құжаттарды «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-қоры арқылы не Сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де жекеленген құрылымдық бөлімше, интернет-қор арқылы) жіберуге;

8.1.7. Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға.

8.2. Сақтанушы міндетті:

8.2.1. сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;

8.2.2. сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабарлау;

8.2.3. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлау;

8.2.4. апат кезінде ықтимал экологиялық зиянның алдын алу немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қолдану;

8.2.5 тиісті органдарға олардың құзыретін ескере отырып (мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, жедел медициналық көмек қызметі, апат қызметтері, уәкілетті орган) экологиялық зиян келтіруге әкеп соққан апат туралы және зардап шеккен адамдар туралы хабарлау;

8.2.6. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз ету.

8.3. Сақтандыру шартында Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

9 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтандырушы құқылы:

9.1.1. сақтандыру шартын жасасу кезінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген мәліметтерден басқа, сақтанушыдан Заңға сәйкес сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде алдыңғы сақтандыру шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап ету;

9.1.2. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретін ескере отырып, сақтандыру жағдайының басталу фактісін, экологиялық зиянның сипаты мен ауқымын растайтын құжаттарды сұратуға;

9.1.3. сақтанушыдан және Сақтандырылушыдан экологиялық зиян келтіру қаупін бағалау үшін қажетті болған сақтандыру жағдайының себептері, мөлшері және салдары туралы толық және дұрыс ақпарат алу;

9.1.4. сақтандыру жағдайы басталуының себептері мен өзге де мән-жайларын анықтау үшін экологиялық зиянды жою (ремедиациялау) құнын бағалау;

9.1.5. апат нәтижесінде келтірілген экологиялық залалдың ауқымын бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшыны тарту;

9.1.6. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін және одан кейін жүзеге асыратын қоршаған ортаның және шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің жағдайына жеке зерттеулерін жүргізу;

9.1.7. Заңның 21-бабында көзделген жағдайларда экологиялық зиян келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын беру;

9.1.8. Заңның 22-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға.

9.2. Сақтандырушы міндетті:

9.2.1. Сақтанушыны міндетті экологиялық сақтандыру талаптарымен, оның ішінде сақтандыру шартынан туындайтын құқықтар мен міндеттермен таныстыру;

9.2.2. сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтанушыға сақтандыру шартын жасасу туралы хабарлама нысанында электрондық полис беру;

9.2.3. міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабарлау кезінде оны дереу тіркеу және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дерекқорларды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын сақтандыру оқиғасы) бойынша мәліметтерді ұсыну;

9.2.4. өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып анықтама беру;

9.2.5. Сақтанушының немесе оның өкілінің жазбаша өтініші бойынша апат салдарынан болған экологиялық зиянды жою (ремедиациялау) құнын бағалауды жүргізу, сақтандыру төлемі мөлшерінің есебін көрсете отырып сақтандыру актісін жасау және оны Пайда алушыға таныстыруға ұсыну;

9.2.6. сақтандыру жағдайы басталған кезде Заңда белгіленген тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүргізу;

9.2.7. Сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы кезінде апат салдарынан келтірілген экологиялық зиянды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығындарын өтеуге;

9.2.8. сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

9.2.9. сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда осы шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде Сақтанушыға бас тарту себептерінің жазбаша негіздемесін және Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарлама жіберуге;

9.2.10. Сақтанушыдан (пайда алушыдан) бес жұмыс күні ішінде Сақтанушының (пайда алушының) талаптарын қарауға өтініш алған кезде және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;

9.2.11. Сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсменіне жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта бағыттау.

9.3. Сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары, міндеттері көзделуі мүмкін.

10 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ПАЙДА БОЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлау;

10.2. Апат кезінде ықтимал экологиялық зиянның алдын алу немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қолдану;

10.3. Тиісті органдарға олардың құзыреттерін ескере отырып (мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, жедел медициналық көмек қызметі, авариялық қызметтер, уәкілетті орган) экологиялық залал келтіруге әкеп соққан апат туралы және зардап шеккен адамдар туралы хабарлау.

11 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ ЖӘНЕ ШЫҒЫН КӨЛЕМІ

11.1. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

11.1.1. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес бекітілген ремедиация бағдарламасының көшірмесі;

11.1.2. Сақтандыру жағдайы басталған кезде экологиялық зиянды болдырмау немесе азайту мақсатында Сақтанушының шеккен шығындарын растайтын құжаттар (олар бар болса);

11.1.3. Жекелеген жағдайларда - Сақтанушыны сақтандыру жағдайы басталған кезде жауапты деп таныған сот шешімі.

11.2. Егер сақтандыру төлемі туралы мәселені шешу үшін Сақтандырушыға қосымша ақпарат қажет болса, Оның өзге құжаттарды ұсынуды сұратуға құқығы бар.

11.3. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізімін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге міндетті.

Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жіберген жағдайда сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда бере алады.

11.4. Сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Сақтанушының (пайда алушының) экологиялық зиянды жою мақсатында сақтандырушы өтеуге тиіс төлем мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға.

12 БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТЫ

- 12.1. Сақтандыру төлемі-сақтандыру жағдайы басталған кезде төленетін ақша сомасы.
- 12.2. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы немесе Пайда алушы жазбаша нысанда, оның ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Сақтандырушының интернет-қоры арқылы ұсынады.
- Сақтандырушының талабы бойынша өтініш беруші Сақтандырушының рұқсаты бар мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысандағы құжаттарды қоспағанда сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын Сақтандырушыға ұсынуға міндетті.
- 12.3. Сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырушы Заңның 7-бабы 2-тармағының ережелерін ескере отырып, экологиялық зиянды жою (ремедиациялау) құнын негізге ала отырып айқындайды.
- 12.4. Сақтандыру төлемі апат нәтижесінде келтірілген экологиялық зиянды жою (ремедиациялау) құнынан аспауға тиіс.
- 12.5. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Қағидалардың 11-бөлімінде көзделген құжаттарды алған күннен бастап отыз күн ішінде төлейді.
- 12.6. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 12.7. Сақтанушының (пайда алушының) жазбаша өтініші немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша сақтандыру төлемі апат салдарынан келтірілген экологиялық зиянды жою жөніндегі жұмыстарды орындаған (орындайтын) және қызметтерді көрсеткен (көрсететін) адамға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.
- 12.8. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне пайда алушы таласқан жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін Ереженің 12.4-тармақта белгіленген мерзім ішінде көрсетілген тұлғалардың бірде-біреуі таласпаған бөлігінде дереу жүзеге асыруға міндетті.
- 12.9. Сақтандырушы сақтандыру төлемінің даулы бөлігін бітімгершілік келісім жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап не егер сот шешімді дереу орындауға жібермесе, осы дау бойынша сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.
- 12.10. Сақтандырушы келесі жағдайда сақтандыру төлемнен толық не ішінара бас тартуға құқылы:**
- 12.10.1. Сақтанушының экологиялық зиян келтірген кінәлі тұлғадан шығынның тиісті өтемін алуы;
- 12.10.2. Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау;
- 12.10.3. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы жалған мәліметтер хабарлауы;
- 12.10.4. Сақтанушының сақтандыру жағдайы бойынша шығындарын азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбауы;
- 12.10.5. Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуге және келтірілген экологиялық зиянның сипаты мен ауқымын, сондай-ақ оны жою құнын анықтауға кедергі келтіруі;

12.10.6. Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға кері талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі жүргізілген болса, сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы.

Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер ол Сақтанушының еркіне байланысты емес себептерге байланысты болса және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіз бола алмайды;

12.10.7. Қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

12.10.8. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған пайда алушының іс-әрекеттері.

12.11. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы талап қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы талапты мәлімдеген тұлғаға сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып және Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарлама жіберуге міндетті.

13 БӨЛІМ.САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ӘРЕКЕТІНІҢ ТОҚТАТЫЛУ ТАЛАПТАРЫ

13.1. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда тоқтатылған болып есептеледі:

13.1.1. шарт әрекетінің мерзімінің аяқталуы;

13.1.2. шартты мерзімінен бұрын тоқтату ;

13.1.3. Сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асыруы. .

13.2. Сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылады :

13.2.1. сақтандыру нысаны болмысын тоқтатқан кезде;

13.2.2. Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырушы ауыстырылған кезде оның қайтыс болғанда (ҚР АҚ 815-бабының 8-тармағы);

13.2.3. сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылғанда және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтатылғанда;

13.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Сақтандырушы ресімдеген сақтандыру полисіне енгізілген шарттар мен мәліметтердің өзгеруі;

13.2.5. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда.

13.2.6. Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған басқа да жағдайларда.

13.3. Сақтандыру шарты оның қолданылу мерзімінің аяқталуы ретінде анықталған күні сағат 24.00-де тоқтатылады.

Егер мерзімінен бұрын бұзу 13.2.1. -13.2.5. тармақшаларында көрсетілген мән-жайлардан туындаған болса, сақтандыру шарты көрсетілген жағдайлар туындаған сәттен бастап тоқтатылады.

13.4. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соғатын мән-жайлар туындағаннан кейін мүдделі тарап (Сақтанушы немесе сақтандырушы) екінші Тараптың атына сақтандыру шарты туралы мәліметтерді, бұзу негіздерін көрсете отырып және растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, мерзімінен бұрын тоқтату туралы хат жібереді.

13.5. 13.2.1-13.2.5 тармашқаларында көрсетілген мән-жайлар бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін келесі мөлшерде ұстап қалуға құқылы:

р/№	Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқан кезге дейін өткен мерзім	Сақтандырушымен ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (пайызбен жылдық сақтандыру сыйлықақысы)
1.	1 айға дейін	20
2.	1 –ден 2 айға дейін	30
3.	2–ден 3 айға дейін	40
4.	3 –ден 4 айға дейін	50
5.	4 –тен 5 айға дейін	60
6.	5 –тен 6 айға дейін	70
7.	6 –ден 7 айға дейін	75
8.	7 –ден 8 айға дейін	80
9.	8–ден 9 айға дейін	85
10.	9 –ден 10 айға дейін	90
11.	10 –ден 11 айға дейін	95
12.	11 айдан артық	100

14 БӨЛІМ. КЕРІ ТАЛАП ЕТУ ҚҰҚЫҒЫ

14.1 Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушының келесі жағдайларда жүзеге асырылған сақтандыру төлемі шегінде Сақтанушыға (сақтандырылушыға) кері талап қою құқығы бар:

14.1.1. Сақтанушының (сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасауы;

14.1.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтанушының экологиялық зиян үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы ауысады, оны жою құнын сақтандырушы сақтандыру шартына сәйкес төлейді;

14.1.3. Сақтанушының (сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы негіз болып табылады.

14.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде сақтанушының сақтандыру нәтижесінде сақтандырушы өтеген зияны үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы өтеді

15 БӨЛІМ. ДАУ-ЖАНЖАЛДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

15.1. Міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде Сақтанушы (Пайда алушы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Сақтандырушыға (оның ішінде Сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурсы арқылы) жазбаша өтініш жіберуге не сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де жекеленген құрылымдық бөлімше, интернет-ресурс арқылы) немесе «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, міндетті экологиялық сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сотқа өтініш жіберуге құқылы.

15.2. Сақтандырушы Сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, қарастырады және жазбаша жауап береді.

15.3. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсменге жүгінген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсменнің сұрау салуы бойынша сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде дауды қарастыруға және шешуге қатысты құжаттарды ұсынуға міндетті.